

**Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 2 наурыздағы № 92 "Жаңаөзен қаласы бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық құқықтық нысанындағы орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 15 маусымдағы № 364 қаулысы

Жаңаөзен қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 2 наурыздағы № 92 "Жаңаөзен қаласы бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы" қаулысына келесідей өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының 1 тармағы жаңа редакцияда жазылсын.

"1. Жаңаөзен қаласы бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, Жаңаөзен қаласы әкімдігінің "ӨЗЕНИНВЕСТ" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Жаңаөзен қаласы әкімдігінің "Өзен Жылу" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Жаңаөзен қаласы әкімдігінің "Өзенэнергосервис" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны және Жаңаөзен қаласы әкімдігінің "Таза-Жаңаөзен" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативі осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін";

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жаңаөзен қаласы әкімінің орынбасары Н. Худибаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Жаңаөзен қаласы әкімінің міндетін атқарушы

М. Мұқаш

Жаңаөзен қаласы әкімдігінің  
2026 жылғы 15 маусымдағы  
№ 346 қаулысына қосымша

**Жаңаөзен қаласы бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативі**

1. Жаңаөзен қаласы бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін жергілікті бюджетке аудару нормативі былайша айқындалады:

| P/c                  | Кәсіпорындардың атауы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Таза кіріс мөлшері                                        | Аударылуға жататын таза кіріс сомасы                                                 |
|----------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------|
| 1.<br>2.<br>3.<br>4. | Жаңаөзен қаласы әкімдігінің "ӨЗЕНИНВЕСТ" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны; Жаңаөзен қаласы әкімдігінің "Өзен Жылу" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны; Жаңаөзен қаласы әкімдігінің "Өзенэнергосервис" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны; Жаңаөзен қаласы әкімдігінің "Таза-Жаңаөзен" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны; | таза кіріс 3 000 000 теңгеге дейін                        | таза кіріс сомасынан 5 пайыз                                                         |
|                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | таза кіріс 3 000 001 теңгеден 50 000 000 теңгеге дейін    | 150 000 теңге + 3 000 000 теңге мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 10 пайыз      |
|                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | таза кіріс 50 000 001 теңгеден 250 000 000 теңгеге дейін  | 4 850 000 теңге + 50 000 000 мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 15 пайыз         |
|                      | "                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | таза табыс 250 000 000 теңгеден 500 000 000 теңгеге дейін | 34 850 000 теңге + 250 000 000 теңге мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 25 пайыз |

2. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың игілігінде қалған таза кіріс бөліктері кәсіпорынды дамытуға, мемлекеттік басқару органымен келісілген нақты жобаларға жіберілсін.

